

## **№8 тәжірибелік сабақ. Саяси сана.**

**Жұмыстың мақсаты мен міндеті:** Студенттерге саяси сананың өсуінің маңыздылығын түсіндіру. Қазақстан қоғамында демократияландыру үдерісі негізінде саяси сананың қаншалықты жетілгендігін анықтау.

**Техникалық және инструментальдық құралдары:** интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

**Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері:** Саяси сананы қалыптастыруда мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, бұқаралық саяси ақпарат құралдарының, идеялық- тәрбие жұмыстарының рөлі зор екенін білді.

**Оқытудың әдістері мен түрлері:** баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас.

Саяси сана мәселесін зерттеген жағдайда саяси психологияны пайдалану қажет. Оны пайдаланбау зерттеу жұмысына үлкен нұқсан келтіреді.

XIX ғасырдың аяқ шенінде еңбекшілердің саясатқа қатысуы жандана түсті. Олар өздерін саясатқа қатыстыруды талап етті. Ол тенденция Париж коммунасы мен 1905 жылғы Ресейдегі төңкерістен көрінді. Бұл оқиғалар қоғамның төменгі қатарында саяси сананың өсе бастағандығын көрсетті. Бірақ теориялық жұмыстар интеллектуалдық еңбектерде ғана болды.

Бұқаралық саяси мінез-құлықты алғашқы зерттегендер Густав Лебон мен Владимир Ильич Ленин еді. Лебон иррационалдықты, инстинктпен, жеке адамдармен айналыса, Ленин саяси сана проблемасымен айналысты. Лебон саясатта да психологияда да негізінен тұқым қуалаушылық пен әсерлі сезімді (эмоцияны) асыра бағалауының салдарынан пессимистік және консервативтік көзқарас ұстанса, Ленин ұйымдастыру бағытында таным теориясымен айналысып, оптимистік көзқараста болды деп көрсетеді америка саясаттанушысы Т. Брайдер.

«Тобырдың психологиясымен» айналысқан Лебон жоғары және төменгі нәсілдер туралы зерттеуінде нәсілшіл болды. Ол социализмді қылмыстардың мінез құлқына - теңеді.

Лениннің ойынша, жұмысшы өзінің күнделікті тәжірибесінен саяси құрылысқа балама іздеудің қорытындыларына көшкенде оның санасы артады. Ленин теориясы тәжірибеге үлкен мән берді. Тәжірибе әсерлі сезімнің рөлін кемітеді. Қазіргі саяси психология Ленин ұсынған теорияға жақын тұр. Осы күнгі саясаттанушылар, әсіресе Америка бихеверистері психологиялық процестерге көп мән береді. Басқа бағыттарды саяси психология және социология ығыстырып шығара бастады.

Саяси психология мына белгілермен сипатталады:

- 1) басқаруды белгілі бір формасы мен саяси мінез-құлықтың қалыптасуы
- 2) үкімет институтына сенім
- 3) лидерлерге табыну
- 4) қоғамның әлеуметтік және саяси мұраттарына психологиялық теңдік
- 5) өз ойын жүзеге асыруға үміт
- 6) үрей, қауіп

7) ашу- ыза.

Артур Боднардың ойынша, саяси сана: саясатты білу, оған қызығу; үкімет билігін жүзеге асыру бағытында саяси көріністерге баға беру, пікір алысу; ұстанған саяси жолы тұрғысынан отанға сүйіспеншілік, жауға өшпенділіктің әсерлі сезімі; қоғамдағы саяси мінез -құлықты үлгілі деп тану.

Саяси санада саяси идеологияның маңызы өте зор, ол саяси психологияның өзгеруіндегі және дамуындағы анықтаушы фактор болып табылады. Саяси идеология әлеуметтік тұтастықтың негізгі мүдделерін көзейді, оның қоғамдық дамудағы орны мен рөлін негіздейді. Ол әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер бағдарламасының түсініктік негізі болып табылады. Саясаттың ерекшелігі өкімет билігі арқылы таптық және басқа да әлеуметтік топтық мүдделерді жүзеге асыруға бағыттылған адам қызметінің өрісі болуында.

Саяси сана таптық, ең алдымен саяси мүдделерді көрсететін және жүзеге асыруды көздейтін қоғамдық сананың көрінісі.

Саяси сана азаматтық қоғамда өмір сүреді, азаматтық қоғамдық санаға үлкен әсерін тигізеді. Қоғамдық пікір саяси сананың бағыты, пісіп жетілген дәрежесі, оның дамуы қоғамдық пікірден көрінеді. Олардың әлеуметтік және саяси өзара байланысы екі жақты сипатта болады. Біріншіден, ешқандай саясат және басшылық шешімдер қоғамдық пікірмен санаспайынша жүзеге аспайды. Тарихта қоғамдық пікірге сәйкес келмейтін шешімдерді мәжбүр етіп қабылдатқан уақыттар болды.

Саяси сананы қалыптастыруда мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, бұқаралық саяси ақпарат құралдарының, идеялық- тәрбие жұмыстарының рөлі зор. Саяси сананың баюында үлкен орын алатын нәрсе жалпы адамдық құндылықты барлық таптардың, партиялардың пайдалануы болып табылады.

Осы күнгі дайындалып жатқан идеологияның, оның тұжырымдамасының басты мақсаты тәуелсіздікті нығайту, біздің хақымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байлығын, дәстүрлерін қиратпай, терең дағдарыстан шығу, дүниежүзілік өркениетке қосылу болып отыр.

Онан әрі былай делінген: ‘Қазақстандағы демократияны қазіргі көптеген ұғындырушылардың принципті қателіктері осы дәстүрлердің саяси мәдениетіміздегі рөлі мен маңызын түсіне алмауында жатыр. Саяси көзқарастар мен бағалар, сенімдер мен әуестіктер заң арқылы жасалмайды. Оның сыртында адамдардың тағдыры ғана емес, ұрпақтар елегінен өткен мінез құлықты реттеудің қағидалары тұр. Біздің өмірімізге батыстық үлгідегі либералдық идеология әкелген мұраттарының барлық жағдайда және барлық уақытта бірдей Қазақстан қоғамының шындықтарымен сәйкес келе бермейтіні, міне, сондықтан. Мәселе либералдық идеология-ұзақ тарихи дамудың жемісі екенінде. Ол жеке меншіктің дамыған институтына, шын мәніндегі нарық экономикасына, саяси демократия мен дарашылдық психологияға негізделген’.

Қоғамның дамуында субъективтік факторлардың маңызының артуы саяси сананың дәрежесінің көтерілуін қажет етеді. Саяси сана адамдардың мемлекет пен партия, саяси құндылық пен даму мақсаты, дәстүрлер мен саяси өмірдің қалпына, нормасына қатынасын көрсететін көзқарастардың жиынтығы болып табылады. Ол-сананың негізі білім, оны әлеуметтік өзгерістерге пайдалану. Сананы мінез құлық саяси істі күні бұрын белгілеуге мүмкіндік береді.

Саяси сана таптардың және олардың арасындағы қайшылықтың шығуынан туындаған. Алғашқыда мемлекет пен билік туралы білім қорытындыланбай тұрған кезде ол саяси сана миф түрінде болды. Кейін мемлекет туралы білім кеңейіп, байыған сайын ол саяси санаға айнала бастады. Оны қорытындылап, саяси сана туралы ойды жеткізген К.Маркс.

Саяси сана қанша жетілгенмен, қаншалықты ғылыми болғанмен саясатты жан –жақты түгел қамти алмайды. Ол әр түрлі дәрежеде болады. Жоғары дәрежеде белгілі бір таптар мен әлеуметтік топтардың мүддесін көздеп идеяларды ұсынушы, тұжырымдама жасайтын, бағдарлама дайындайтын идеологтар болады. Сонымен қатар адамдардың күнделікті тәжірибесінің, тіршілігінің негізінде қалыптасатын сана бар. Ол күнделікті бақылаудан шығады, онда теориялық тұжырым болмайды. Ол-қарапайым, кәдімгі сананың дәрежесі. Сананың осы екі дәрежесі бірімен – бірі ұштасып отырады.

Саяси сана сонымен қатар өз дербестігін көрсетеді. Адам бақылаған көріністерін жинақтап отырып, бұрын білмеген білім саласындағы жаңалықтарды ашады. Оның алғашқы түрі утопия болды. Сонымен қатар утопия өткеннен болашақтың мұратын көрді. Олар әр түрлі құрылысты дұрыс деп дәріптеді. Бірақ келе-келе ол ғылыми зерттеуге ұласты, ғылыми саяси сана болды. Оның ең жоғарғы түрі социалистік сана деп есептелді.

Саяси жүйе өмір сүру үшін бүкіл саяси өмірді, саяси институттарды, қатынастарды, процестерді сипаттайтын саяси мәдениет болып табылады. Саяси мәдениетті білмейінше, саясатты жүргізу қиынға түседі.

### **Деңгейлік тапсырмалар:**

1–деңгейлік сұрақ. Саяси сана деп нені айтады?

2–деңгейлік сұрақ. Қоғамның саяси құрылымындағы, биліктің ұйымдастырылуындағы ерекшеліктерді нақтылы елдерде саяси мәдениеттің ықпалымен түсіндіруге болады ма?

3–деңгейлік сұрақ. Саяси сананың атқаратын қызметі?

**ОБӨЖ тапсырмалары:** Қоғам мен жеке адамның өмірінде идеологияның маңыздылығын дәлелдеңіз

**БӨЖ тапсырмалары:** Қазақстандағы идеологиялық жағдайды сипаттаңызшы

### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Саясаттану. -Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, Оқулық, 2020.-520 бет. Хейвуд Эндрю

2. Қазіргі заманның саяси жүйелері мен режимдері. Оқу құралы. / Д. Е. Ақболат. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2020
3. Қоғамдық саясат. Саясат, талдау және баламалар: Оқулық, /Майкл Е. Крафт, Скот Р. Фурлонг.-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2017.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. А.Т.Асан, А.С.Балапанова, Т.А.Козырев, 2020, Монография
2. Қазақстан республикасының ішкі және сыртқы саясаты пәнінің оқу-әдістемелік кешені.Д. Е. Ақболат. Алматы, 2019
3. Нұрсұлтан Назарбаев: Бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы. Ұжымдық монография. Тоғжанов Е.Л., Әбдәкімов Ә.Ә., Капашникова Н.П., т.б. Астана, 2014

#### **WEB сайттар тізімі:**

- 1 <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқу-әдістемелік құрал. А.А.Иманбаева, Алматы, 2017.
2. <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқулық. У.К.Абдыкалыков, Ж.К.Симтиков, Алматы, 2018
- 3.<http://rmebrk.kz/>Саясаттану: Оқулық. - 2-ші бас. Г.М. Серғазина, Р.Н. Абылқалықова - Қарағанды: Medet Group, 2019